



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауында «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс.

Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтаймайды, жалғаса береді. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруы тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі», – деп атап өткен еді.

Осы бір қағидатты сөз сот жүйесінің ардагері, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Рысалды Бермұхаметқызы Оспановаға қаратып айтылғандай. Ардагер-заңгердің еңбек жолына көз салар болсақ, үлкен-кіші деместен, қай-қайсысымыз да үлгі аларлық өнегелі ісін, ғибратты жолын көреміз.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?



Мәжілісте жаңа Салық кодексінің жобасы талқыға түсті. Қоғам елеңдеп күтіп отырған салық заңнамасында көпшіліктің көкейінде жүрген біраз мәселе шешімін тапты. Соның ішінде қосымша құн салығы (ҚҚС) 16 пайыз мөлшерінде белгіленіп отыр. Әрі ҚҚС шегі 40 млн теңгемен түйінделген.

МІНБЕР

АВИАЦИЯ САЛАСЫНА ЖҮЙЕЛІ КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Еліміздің көлік министрлігі авиакомпаниялардың авиабилеттерге қатысты саясатын айқындайтын ережелерді белгілеуі тиіс. Бұл жолаушылар тарапынан наразылыққа әкеп соқтыратын кейбір авиабилеттердің қайтарылмауына қатысты. Мұны авиакомпаниялар өз шығындарын жабу үшін ойлап тапқан. Ал, оларды тығырыққа тіреп отырған осындай мәселелер аз емес. Жуырда Парламент Сенатында өткен «Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияны дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстелде олардың көбі ортаға салынып, нақты шешу жолдары ұсынылды.

Сенаторлар бұл жиынға үлкен дайындықпен келіпті. Олар мүдделі мемлекеттік органдармен, авиакомпаниялармен және әуежайлар ұжымдарымен өткізген кездесулері шеңберінде отандық авиацияның жай-күйін мүмкіндігінше зерделеген екен. Бұл салада қалыптасқан бірқатар жүйелік мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Олар: қазақстандық МӨЗ-дің авиаотын өндірісінің жеткіліксіз

көлемі және авиаотынды өткізу бойынша бірыңғай тәсілдің болмауы, ел әуежайларын дамыту бойынша жүйелі әдістің жоқтығы, бірқатар өңірлердегі әуежайлақ инфрақұрылымының қанағаттанарлықсыз жай-күйі, саладағы кадрлар тапшылығы. Осының бәріне жинақтама баяндама жасаған сенатор Бауыржан Қаниев егжей-тегжейлі тоқталды. Бауыржан Нұралыұлының айтуынша, авиабилет құны-

ның құрылымындағы ең үлкен үлес 36,5%-ы авиаотынға арналған шығындар, 14,9% – техникалық қызмет көрсету, 10,7% – әуежайға қызмет көрсету және 8,6% – ұшақты жалға алу.

Қазіргі уақытта қазақстандық МӨЗ саланың авиациялық отынға деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Отын тапшылығы шамамен 225 мың тоннаны құрайды және жыл сайын өсуде. Авиаотынның негізгі тұтынушылары ірі авиакомпаниялар – «Эйр Астана», «Скат», «Қазақ Эйр», Астана және Алматы қалаларының әуежайлары. Отандық компаниялардың авиаотынды көтерме сату кезіндегі орташа бағасы тоннасына 680 долларды құрайды, ал импорттық отын тоннасына шамамен 950 доллардан 30-40%-ға қымбат. Сонымен қатар авиаотын-

ды сатудың және оның бағасын белгілеудің түсінікті және ашық тетігі жоқ мемлекеттік органдардың осы мәселені реттеуге бірыңғай көзқарасы болмай отыр. Мұның бәрі авиаотын өндірісін ұлғайту жөніндегі жобадан оң нәтиже алуды күмәнді етеді. Сондықтан бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Энергетика министрлігімен бірлесіп, авиакомпанияны авиаотынмен қамтамасыз етудің бірыңғай жүйелік тәсілін әзірлеуі қажет.

Көлік министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда 20 әуежай жұмыс істейді. Кейбір әуежайлар әуе кемелеріне өз бетінше авиаотын сатумен айналысады. Ал бұл саудадан түскен пайда олардың табысының негізгі бөлігін құрайды. Алайда, басқа ойыншылардың осы инфрақұрылымға қол жеткізуіне мүдделі емес әуежайлар бар, бұл авиакомпаниялар үшін отынның жоғары құны ол әуе билеттерінің құнына әсер етеді. Депутаттың айтуынша, тарифтерді қалыптастыру қағидаларында көзделген әуежай қызметі саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер тиімсіз.

(Жалғасы 5-бетте)

5-бет



«Сауатты адам алданбайды»

6-бет



Мәслихаттар ықпалды күшке ие

8-бет



Соңғы аялдама

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАСТАМА

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік маңызы бар өнімдер, кітап басып шығару, археология секілді салалар салықтан босатылды. Үкіметтің тізбесіне сай қосымша құн салығы салынбайтын дәрі-дәрмектер бекітілген. Дегенмен, депутаттар бұл тізбені әлі де кеңейтуге мүдделі. Өйткені, дәрі-дәрмектің бағасы қазір де аспандап тұр. Егер қосымша салық қосылса, әлеуметтік аз қамтылған топтардың денсаулығын күтуіне мүлде мүмкіндігі болмай қалады. Жобада медициналық қызметтерге 10 пайыз ҚҚС қосылатыны көрсетілген. Бұл мәселені де қайта қарау кезек күттірмейді. Себебі, азаматтар ай сайын табысының белгілі бір мөлшерін онсыз да МӘМС-ке аударып келеді. Әрине, ауылшаруашылығы саласындағыларға 70 пайыз жеңілдіктің сақталатыны үлкен олжа. Алайда банк операциялары бойынша қосымша құн салығы алынатын болады. Бәсекелестікті қорғау агенттігі Үкіметпен бірлесіп, бағаның өсуіне жол бермеу үшін қолданыстағы тарифтердің негізділігіне талдау жүргізеді.

Депутаттардың басым бөлігі заң жобасын бірінші оқылымда қолдап дауыс бергенімен, «Ақ жол» партиясы көптеген кемшіліктерді көрсетіп, қарсылығын танытты. Азат Перуашев пен оның әріптестері ҚҚС төлеушілер үшін шекті 40 миллионға дейін төмендетуге келіспейді және қазіргі межені 80 миллионға дейін сақтауды талап етуде. Сонымен бірге, жобаға қатысты пікірін білдірген депутат Сергей Пономарев барлық салада салықтар көтеріліп жатқанда, ластаушы заттарды шығарған және сақтағандарға белгіленетін айыппұлдың не себепті азайтылатынын түсінбей дал. Жерді еміп табыс тапқан мұнай, металлургия және кен орындарында отырғандарға мұндай жеңілдіктің қарастырылуы түсініксіз.

Салық заңнамасын талдауға халық қалаулылары өте белсенді қатысты. Депутаттардың қандай мәселе көтеріп, неге көбірек ден қойғаны туралы газетіміздің келесі нөмірінде кеңірек талдап беретін боламыз.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБИ – ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметке қойылатын талаптар артып келеді. Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы, ал оның әдебі мен мінез-құлқы – халық пен билік арасындағы сенім көпірі. Мемлекеттік қызметші өз іс-әрекетімен қоғамның әділдікке, ашықтыққа және парасаттылыққа деген сенімін қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметшінің этикасы дегеніміз не?

Этика – бұл тек мінез-құлық ережесі ғана емес, бұл – ішкі мәдениет, жауапкершілік пен адалдықтың көрсеткіші. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында және Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде бұл талаптар нақты бекітілген.

Мемлекеттік қызметші:

- азаматтармен қарым-қатынаста сыйпайы, әділ және бейтарап болуы;
- өзінің лауазымдық өкілеттігін жеке мақсатта пайдаланбауы;
- қызмет бабында ашықтық пен есептілікті сақтауы;
- әріптестерімен өзара сыйлас-тықта жұмыс істеуі тиіс.

Этиканы сақтамаудың салдары қандай?

Этикалық нормалардың бұзылуы мемлекеттік органның беделіне нұқсан келтіреді, азаматтардың билікке деген сенімін азайтады және жалпы мемлекеттік басқару жүйесіне кері әсер етеді. Соның салдарынан мем-

лекеттік қызметтің тиімділігі төмендейді, қоғамда наразылық туындайды.

Этиканы өрескел бұзған қызметшілер Әдеп жөніндегі уәкілдің қарауына ұсынылады және заңнамада көзделген тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Бұл тек жазалау құралы емес, сонымен бірге алдын алу мен тәрбие құралы ретінде қарастырылады.

Этика – тек ереже емес, тұлғалық қасиет

Көп жағдайда этикалық ұстанымдарды сақтау тек заңмен емес, адамның ішкі мәдениетімен, тәрбиесімен және ар-ұжданымен байланысты. Шынайы кәсібилік тек білім мен дағдыға, сонымен қатар жоғары моральдық жауапкершілікке негізделеді.

Мемлекеттік қызметшінің әрбір сөзі мен әрекеті – азаматтардың көз алдында. Сондықтан ол тек заңды біліп, орындайтын маман, ортасына үлгі болатын тұлға болуы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің әдебі – бұл құр-



Абай ЖАРЫЛҚАСЫН,
Әдеп жөніндегі уәкіл,
Алматы қаласы бойынша
Сот әкімшілігі Департаменті
басшысының орынбасары

қағида деу қате. Бұл мемлекеттік басқарудың сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Этиканы сақтау арқылы біз қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтамыз. Сондықтан әр мемлекеттік қызметші өз әдебіне, сөзі мен әрекетіне жіті мән беруі тиіс. Себебі халық сенімі – ең үлкен жауапкершілік.

Үндістандық данышпан Махатма Гандидің «Болашағыңның өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті тап қазір жаса» деген керемет тағалымды сөзі бар. Осы тәмсізде көрсетілгендей, елдің ертеңін ойласақ, келешегіне алаңдасақ өзгерістен, жаңашылдықтан қорықпауымыз, сауатты реформаларды сапалы жүргізе білуіміз керек. Биылғы жылдың 1 шілдесінен жұмысын бастағалы отырған үш дербес кассациялық соттар – отандық соттағы осындай соны өзгерістің бірі.

ОТАНДЫҚ СОТТАҒЫ СОНЫ ӨЗГЕРІС

Реформалар реформа жасады деген ат үшін қолға алынбайтын түсінікті. Себебі, сот – мемлекеттік биліктің бір маңызды тармағы. Оның жұмыс сапасына қарап елдегі әділдікке, туралыққа, қауіпсіздік пен заңның үстемдігіне баға беріледі. Сондықтан, бұл саладағы реформалар қоғамның талабына сай, заманның өзгерістерін ескере отырып, азаматтардың ұсыныс-тілектері негізінде жасалуы керек. Кассациялық соттардың да бүгінгі моделінің жасалып, қолданысқа енгізілуіне ел тұрғындарының ұсынысы әсер еткен еді.

Көпшілік арасында кассациялық соттардың таңдап қарау әдісімен жұмыс жүргізетіні біраздан бері сыналып жүретіні кім-кімге де белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық бизнес өкілдерімен кездесуі барысында бұл мәселе егжей-тегжейлі айтылып, жан-жақты талқыланды. Көпшіліктің қалауын ескерген Президент осы жиыннан кейін құзырлы органдарға нақты тапсырма жүктеп, кассациялық соттардың жаңа моделін дайындауды қадап тапсырған болатын.

Сот саласын жетілдіруді, азаматтардың сотқа жүгінде теңдей құқыққа ие болуын қамтамасыз етуді көздеген жаңа реформаға Жоғарғы Сот үлкен жауаптылықпен қарады. Соған орай арнайы жұмыс тобы құрылып, дамыған елдердегі кассациялық соттардың түрлі модельдері зерделеніп, оң мен теріс тұстары сарапталды. Сонымен бірге, кассациялық соттардың жұмысын жетілдіруде отандық мамандардың пікірі ең алдымен назарға алынды. Бастаманы талқылау кең ауқымды қамтуы үшін заң саласында салиқалы зерттеулер жасап жүрген ғалымдардың, зерттеушілердің, сотпен қоян-қолтық жұмыс істейтін құзырлы органдардың, соның ішінде прокуратура, адвокатура өкілдерінің, сот ардагерлері мен судьялардың пікірі тыңдалды. Ақиқат – пікір қайшылығынан туады. Демек, жаңа кассациялық соттарға қатысты заңнамалық өзгерістер, нақты тетіктер – осы көп болып кеңескен келелі талқылаулардың нәтижесі.

Қазіргі уақытта елордада қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша үш кассациялық сотты құру, кедергісіз жұмыс істе-

уіне дайындық жасау, материалдық-техникалық, заңдық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытында ауқымды іс-шаралар қолға алынады.

Кассациялық соттар:

- кассациялық сатыдағы сот ретінде сот істері мен материалдарын қарайды;
- сот практикасын зерделейді;
- Сот тәжірибесінің ортақ қорытындысы бойынша төменгі сот сатыларының сот төрелігін іске асыру кезіндегі заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды.

Шешімдердің дұрыстығын тексеру және сот қателіктерін түзеу де дербес кассациялық соттардың бірегей міндеті. Кассациялық сот істі мәні бойынша қайта қарамайды (мысалы, дәлелдемелерді бағаламайды), тек құқық нормаларын қолданудың дұрыстығын тексереді. Төменгі соттардың жіберген қателіктерін анықтағаннан кейін, кассациялық сот олардың шешімін жоюы немесе өзгертуі, істі жаңа қарауға жіберуі немесе жаңа шешім шығаруы мүмкін. Бірінші сатыдағы соттар мен апелляциялық соттардан айырмашылығы, кассациялық сот қарауына берілген шешімдерде бұрын тиісті түрде бағаланған нақты жағдайларға байланысты құқықтық нормалар дұрыс қолданылғанын анықтауы керек.

Жаңа кассацияда іс жүргізу мерзіміне ерекше назар аударылған. Атап айтқанда, өтініштерді қарау мерзімі шектеліп қана қоймай, бұл, ең алдымен, тараптардың мүддесі үшін ақылға қонымды болуы ескеріліп отырады. Осыған орай іс кассациялық сотқа келіп түскен күннен бастап отыз тәулік ішінде өтінішхат қаралады. Істің күрделілігіне немесе көлеміне байланысты, сондай-ақ басқа да дәлелді себептер болған кезде бұл мерзім соттың қаулысымен ұзартылуы мүмкін. Осы ретте көрсетілген мерзім ақылға қонымды болуы шарт. Бұл бұзылған құқықты жедел қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Міне, осындай халықтың талап-тілегінің негізінде қолданысқа енген кассациялық сот халықтың көңілінен шығарына сеніміміз зор.

Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
экономикалық сотының
төрағасы

ПАЙЫМ

ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ ЖАСАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Соттағы реформалардың артықшылығы мен тиімділігі жыл өткен сайын айқындалады. Көпшіліктің көңілінен шыққан жаңашылдықтың қатарында процессуалдық келісім үдерісі де бар. Жалпы сотқа дейінгі жеделдетілген процедуралар институтын енгізу, тергеу, жазбаша іс жүргізу секілді тың өзгерістерді бағыт тәжірибеге енгізу құқық қорғау органдары мен соттардың жұмысын едәуір жеңілдеткені рас. Әсіресе, процестік келісім күрделі қылмыстарды ашуда, қателігін түсініп, түзу жолға түссем деп мақсат еткен азаматтарға игі әсерін тигізеді.

Процестік келісім институты әлемдік тәжірибеде бұрыннан бар. Адам құқығын басты орынға қоятын өркениетті елдерде бұл тетік жиі қолданылады. Соның ішінде АҚШ, Ресей Федерациясы, Украина, Грузия, Литва, Латвия, Эстония сияқты мемлекеттерде процестік келісім табысты жүзеге асуда. Осы қатарға Қазақстанның да қосылуы еліміздің құқық қорғау құрылымдары мен сот жұмысының халықаралық талаптарға сай дамуына серпін берді.

Процестік келісім жасаудың заңдық негіздері Қылмыстық-процестік кодексіне қарастырылған. Осы кодекстің 13-бөлімінде бұл институтты қолданудың барлық тетігі дәйек-

телген. Аталмыш құжатта айқындалғандай, процестік келісім қылмыстық істерді тергеу барысында айыптының кінәсін мойындау мәмілесі нысанында және ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі. Бүгінгі қолда бар статистикалық көрсеткіштерге сай, соңғы жылдары елімізде кінәні мойындау туралы процестік келісімдер жиі қолданылған екен. Яғни, бұл реформаның дұрыс жүргізілгенін, осы жаңашылдық арқылы өз қатесін түсініп, қылмыстық ортадан бойын аулақ салған азаматтың қалыпты өмірге оралуына мүмкіндіктің туғанын байқауға болады. Сотқа жіберілген қылмыстық істерде өз қа-

тесін мойындап, процестік келісімге келгендердің үлесі шамамен 10 пайызды құрса, ынтымақтастық туралы келісімге келгендерге қатысты істер 0,02 пайызды межелеген. Бұл көрсеткіштер процестік келісімдердің артықшылығын, пайдасын түсіндіру бойынша құқықтық сауаттандыру жұмысын әлі де тереңдетіп жүргізу керектігін алға шығарады.

Процессуалдық келісім институтын тәжірибеде қолдануда мына шарттарды назарда ұстау керек. Айталық кінәні мойындау туралы мәміле жасалғанда күдіктінің (айыпталушының) іс жүргізу келісімін өз еркімен жасауға ниеті болуы керек. Сонымен бірге, күдікті (ай-

ыпталушы) өзіне тағылған айыпты және қылмыстық іс бойынша қолда бар дәлелдемелерді дауламауы тиіс. Бұған қоса, жәбірленушінің іс жүргізу келісімін жасауға келісімі керек.

Ал ынтымақтастық туралы іс жүргізу келісімін жасау кезінде жәбірленушінің келісімі талап етілмейді. Жалпы, Қылмыстық-процестік кодекс іс жүргізу келісіміне жол ашады.

Процестік келісім арқылы дауды немесе іс жүргізуді соттан тыс реттеуге болады. Бұл тараптарға уақыт пен қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді. Мұндай келісім тараптардың өзара келісімімен жасалады. Сондықтан оның мәжбүрлеуге емес, келісімдерге негізделетіні түсінікті.

Процестік келісім жасауда белгілі бір шектеулердің бар екенін де ұмытпауымыз керек. Айталық, егер процестік келісім заңға қайшы немесе адам құқықтарын бұзатын болса, онда ол жарамсыз болып табылады. Сонымен қатар, егер келісімнің шарттары тараптардың теңдігін бұзса немесе бір тараптың мүддесіне нұқсан келтірсе, сот бұл келісімді қабылдамауы мүмкін.

Процестік келісімде тараптардың ерікті қалауы маңызды. Десек те ол соттың заңдылығын сақтауға және тараптардың құқықтарын қорғауға негізделуі тиіс. Егер процестік келісім Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе немесе мемлекеттік тәртіпті бұзатын болса, онда бұл келісім сотта жарамсыз деп танылатынын да естен шығармайық.

А.ТІЛЕПОВА,
Жетісу аудандық
№2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КЕЛБЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Арман – адам қанаты

Біздің кейіпкеріміз жастайынан әділдіктің салтанат құруына үлесімді қоссам деп армандаған. Ол үшін жақсы оқуға тырысқан, алдына өршіл мақсат қойған. Балалық арман алға қарай жетелеп, мектепті бітірген соң Рысалды Оспанова заңгер мамандығын алуға белін бекем бұады. Арманшыл қыздың жолы болып, оқуға түскендегі қуанышын айтып жеткізе алмастық! КазГУ-дің заң факультетінде өзі жүрегімен қалаған заңгер мамандығын алып шығып, үкілі үмітпен үлкен өмірге қадам басып еді.

Жас маман алғашқы еңбек жолын туған өңірі Қостанай облысы Рудный қалалық прокуратурасында тағылымдамашы болып бастап, аға тергеушіге дейін қызметін одан әрі жалғастырды.

О баста әділдікті, ақиқатты, шындықты бойтұмары етіп алып, қиналған жандарға болысуды, заң арқылы қорғауды мақсат тұтқан жас маман қаншама түндерді ұйқысыз, қаншама күндерді тынымсыз ізденіспен өткізді десеңізші! Көп ізденді, көп оқыды. Әділдік жолында алған бағытынан таймауға тырысты, заң талаптарының мүлтіксіз орындалуына барын салды. Адал еңбегі, төгілген маңдай тері ақталды десек те болады. Кәсіби маман өз ісінде болаттай шындалды, мол тәжірибе жинады, ортасына сыйлы, жұртшылыққа беделді болды. Еңбегі еленіп, сый-құрметке бөленді.

Ұзақ жылғы қалтқысыз қызметінің арқасында Рысалды Оспанова Қазақ КСР Прокуратурасының соттарда қылмыстық істердің қаралуын қадағалау бөлімінің прокуроры лауазымына дейін көтерілді. Жалпы, прокуратура саласына жастық жалынын, күш-жігері мен терең білімін сарп етіп, 17 жылын арнады.

Қонаевтың қабылдауында

1978 жылы өмірінде ең бір елеулі оқиға орын алды. Сол жылы қаңтар айында Қазақ КСР Жоғарғы Сотының мүшесі болып еңбекке араласты. Сот саласының жай-жапсарын бір адамдай-ақ білетін. Сондықтан осы салада да бағын сынап көру-

ге келіскен-ді. Кеңестік кезеңде кадр таңдау мәселесіне қатты мән берілетін. Әсіресе, Жоғарғы Соттың мүшесі болу әр заңгердің маңдайына жазыла бермейтін бақ еді. Жоғары лауазым иесі саналатын Жоғарғы Соттың мүшесі болып орналасар алдында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Қонаевтың қабылдауына ба-

луына берік негіз қалады. Бұлай деп ой түйемізге кейіпкеріміздің судьялық қызметіне бел шешіп кірісіп, істерді қазақ тілінде қарауға жауапкершілікпен ден қойғаны және өзіне берілген бұл міндетті жоғары деңгейде орындап шыққаны айқын дәлел болса керек. Әрине, кеңестік саясаттың ең бір қатал тұсында істердің көбі орыс тілінде қаралға-

Рысалды Бермұхаметқызы ана тілінде іс қарау барысында кездескен небір қиындықты табандылығының, білімділігі мен еңбекқорлығының арқасында еңсере алды.

Қиындықсыз жеңіс жоқ

Одан кейінгі жылдары Рысалды Оспанова тәуелсіз еліміздің

үзеңгілес әріптестері, заңгерлер қауымдастығының өкілдері, тәлімгер жолын жалғастырып жүрген шәкірттері судьялық еңбек жолында еліміздің сот жүйесінің дамуына, беделінің өсуіне елеулі үлесін қосқан білікті заңгер, майталман маман ретінде жақсы біледі, құрмет тұтады.

Өз ісіне адал, тәжірибелі заңгердің еңбек еткен жылдары сот төрелігін жүзеге асыруда жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, өзін білікті судья ретінде көрсете білгенін, сондай-ақ ұйымдастыру және іскерлік қабілеті жоғары, ұжымда беделі жоғары судьялардың бірі болғанын естіп, біз де марқамыз.

Еңбегіне қарай – құрмет

Қазіргі уақытта еңбек адамына құрмет ерекше көрсетіле бастағаны белгілі. Осы орайда, Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Р.Оспанованы отандық сот жүйесін дамытуға қосқан үлесі және елеулі жетістіктері үшін еліміздің мемлекеттік наградасы – «Құрмет» орденімен марапаттауға ұсынды.

Ұсыныс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарапынан қолдау тауып, ардагер-заңгер 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Президент Жарлығымен жоғары дәрежелі марапатқа ие болды. «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет» дегендей, бұл заңгерге мемлекет тарапынан көрсетілген зор құрмет, Жоғарғы Сот басшылығының сот жүйесі ардагерінің еңбегін бағалап, көрсеткен ізеті деп білеміз.

Отандық сот саласының ардагері, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Рысалды Бермұхаметқызы Оспанова – бүгінде ұзақ жылғы адал еңбегінің жемісін көріп отырған елге қадірлі тұлға, білікті заңгер, айрандай ұйып отырған отбасының қамқоршысы, жақындарының тірегі. Мемлекетіміздің жоғары награда-сымен марапатталған Құрметті судья Рысалды Бермұхаметқызының жүріп өткен өмір жолы, сот жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге бола бермек.

Нұрлан ҚАЛҚА,
Жоғарғы Сот төрағасының кеңесшісі

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ІСІ – ҮЛГІ

сот жүйесінің ардагері Рысалды Оспанова туралы ой-толғау



Жоғарғы Соттың мүшесі болып орналасар алдында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Қонаевтың қабылдауына баратынын естігенде қатты толқыған. Қазақстанның сол кездегі бірінші басшысы Дінмұхамед Ахметұлының өзі қабылдап, ақыл-кеңесін беріп, судьялық жаңа қызметіне сәттілік тілеп, ақ ниетін білдіргені – оның өміріндегі ең бір сәулелі сәттердің бірі болып жадына мәңгі жазылып қалған-ды.

ратынын естігенде қатты толқыған. Қазақстанның сол кездегі бірінші басшысы Дінмұхамед Ахметұлының өзі қабылдап, ақыл-кеңесін беріп, судьялық жаңа қызметіне сәттілік тілеп, ақ ниетін білдіргені – оның өміріндегі ең бір сәулелі сәттердің бірі болып жадына мәңгі жазылып қалған-ды.

Бұл кездесу оның жігерін жанып қана қоймай, алдағы уақытта судья лауазымында қажырлы еңбек етуі керектігін зердесіне мықтап түйіп

ны белгілі, десек те істер сотта қазақ тілінде де қаралып жататын-ды. Өзі мектепте орыс тілінде оқыса да,

судья» және «Үш би» құрмет белгілерімен марапатталды. Иә, Рысалды Оспанованы оның

РЕФОРМА

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСЕДІ

Сот саласында жүргізілген реформалардың тиімділігі мен оңтайлылығын, ізденісі мен іркілісін халықтан артық бағалайтын әділ таразы жоқ. Сот жұмысын жандандыру, сапаны арттыру, сот қызметіне жаңа технология жетістіктерін енгізу бағытындағы іс-шаралардың нәтижесі жылдан-жылға жақсара түскенін бәріміздің көзіміз көріп отыр.

Заңдарды жетілдіру, күнделікті тәжірибедегі өзгерістерді бір жүйеге келтіру мақсатында қолға алынған бастамалар қоғамның сотқа деген көзқарасын түбегейлі өзгертті. Сол салмақты реформаның қатарында биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап қызметіне кірісетін дербес кассациялық соттар да бар. Кассациялық соттың жаңа моделі қазақстандық сотты халықаралық талаптарға сай дамытып, халық пен төрелік арасындағы байланысты нығайта түсері анық.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу және кассациялық соттарды қалыптастыру туралы» 2024 жылғы 27 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес, Қазақстандағы жаңа дербес соттардың штат саны 90 бірлік деп бекітілген. Бүгінде азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттарды құру, жұмысын бір арнаға түсіру бойынша іргелі істер атқарылуда.

Жаңа соттарды материалдық, техникалық жақтан қамтамасыз етіп қоймай, олардың кадрлық әлеуетін қалыптастыру бағытында да үлкен ізденістер жасалды. Кассациялық соттардың өкілеттіктері, құрылымы мен құрамы, сондай-ақ осы соттардың судьялары мен төрағаларына қойы-

латын талаптар барынша күшейтілген. Үлкен жауаптылық жүктелгендіктен кассациялық соттардың қатарына алынатын судьяларға қойылатын талап та осал емес.

Соған орай кассациялық соттардың судьясы болудан үміткер жандардың 18 жыл заң өтілі не кемінде сегіз жыл судьялық өтілі, оның ішінде облыстық соттың судьясы болып үш жыл жұмыс істеуі қажет. Ал кассациялық соттың төрағасы болудан үмітті жандар судья лауазымында кемінде 10 жыл жұмыс істеп, оның ішінде облыстық соттың судьясы ретінде бес жыл жұмыс тәжірибесі болуы шарт. Кілең тәжірибесі зор, білімі терең, біліктілігі жоғары судьялар жинақталғандықтан, кассациялық соттардың шешімі де заңды, сауатты боларына нық сенімдіміз.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, кассациялық соттарда істер үш судьядан тұратын алқаның қарауымен таразыланады. Сондай-ақ істер тараптарды шақыртып, сотқа қатыстырумен қаралатынын да ескерген жөн. Әрбір істі қарау ақылға қонымды мерзімнен, яғни, алты айдан аспауы тиіс.

Сот төрелігінің тиімділігі мен



С. ҚОЖАҚОВ,
Қармақшы аудандық сотының судьясы

қолжетімділігін арттырып, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуды көздеген кассациялық соттардың өз қызметін бастауына да санаулы уақыт қалды. Кассациялық сот – Қазақстанның сот жүйесін дамытуда дер кезінде қолға алынған тиімді қадам. Жаңа модельмен жұмыс істейтін бұл соттар құқық қолданудың негізгі мәселелеріне назар аударатын, Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады. Істерді қайта қарау бойынша қосымша инстанцияның енгізілуі азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттырады, заңдылықты дәл бақылау арқылы сот шешімінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Әділеттілікті қамтамасыз етудің қосымша тетігі ретінде қызмет ететін кассациялық соттар халық көңілінен шығады деген ойдамыз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БЕЗБЕН

Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау – мемлекеттің басты ұстанымы. Оның тетігі еліміздің заңдары мен құқықтық құжаттарында толық шешімін тапқан. Соның ішінде келген шығынды сот арқылы өндіріп алудың да маңызы зор.

ЗАҢДЫ БІЛУ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Мұндай істер көбіне-көп аудандық (қалалық) соттарда қаралатыны белгілі. Дегенмен, кәсіпкерлік қызметке қатысты істер негізінен экономикалық соттарға беріледі. Мамандандырылған экономикалық соттардағы шығынды өндіріп алу бойынша даулар негізінен заңды тұлғалар мен кәсіпкерлер арасындағы келіспеушіліктен туындайды. Сәйкесінше экономикалық соттар коммерциялық дауларды, соның ішінде бизнеске, коммерциялық келісімшарттарға және экономикалық қатынастарға қатысты түйткілдерді заң талаптарына сәйкес шешеді. Сондықтан, егер шығындар заңды тұлғаның немесе кәсіпкердің әрекеттерінен туындаса, оларды экономикалық соттар қарайды.

Бүгінде сот алаңында қаралатын істер қатарында, әсіресе коммерциялық келісімшарттарды бұзу, төлемдер мен міндеттемелерді орындамау, шарттық міндеттерді бұзу сияқты даулар жиі таразыланады. Мұндай істер шығындарды өндіру мақсатында жолданатыны түсінікті. Айталық, соңғы уақытта бизнес серіктестердің келісімшарттық міндеттерін орындамауы екінші тараптың үлкен шығынға батуына ықпал етуде.

Кәсіпкерлердің бір-біріне келтірген залалдары, мәміле бұзылуы, кешіктірілген төлемдер, өнімнің сапасыз болуы немесе салық мәселелері бойынша орын алған кемшіліктерге орай шығындардың туындауы істердің санын арттырғанын да айта кеткен орынды. Кәсібі арқылы өзі ғана емес, бірқатар адамның табыс табуына көмектесіп отырған азаматқа бұл ауыр соққы. Келісімшарттағы талаптарға салғырт, жауапсыз, немкетті қараған серіктестерден шығынды өндіріп алу құқық қорғаудың бір тетігі.

Сот тәртібімен келтірілген зиянға толық өтемақы алу үшін зардап шеккен тараптың залалды өтеу туралы талабында бірнеше критерий ескерілуі керек. Ең ал-

дымен заңды тұлғаның талап арызында зиян келтіру фактісі анық көрсетілуі тиіс. Талапкер өзіне тиесілі мүліктің бүлінуді немесе заңмен қорғалатын материалдық игіліктің басқа да кемсітілуін құжат жүзінде көрсетуге мән бергені жөн. Екіншіден, жауапкер әрекеттерінің заңсыздығы толық дәйектелгені орынды. Яғни, талапкер өз арызында жауапкер әрекетінің заңнамаға немесе шарттық талаптарына сәйкес келмейтінін дәлелдеуі тиіс. Сондай-ақ залдағы жәбірленушінің кінасі де дәлелін табуы маңызды. Өйткені, кейде келісімшарттың орындалмауына форс-мажорлық жағдайлар (табиғи апаттар, апаттар) әсер етуі мүмкін. Сот барысында мұның барлығы ескеріледі.

Нақты залалдың көлемін, шығынның мөлшерін растайтын құжаттар болғанда істерді қарау оңтайлы. Алайда, шығынның көлемін немесе моральдық зиянды дәлелдеу өте қиын. Сонымен қатар, алынбаған кірістердің немесе іскерлік беделдің жоғалуының құны нақты шығындардан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Жоғалған пайданы дәлелдеу үшін экономикалық негіздеме, кейде сараптама және аудиторлық қорытынды қажет. Сотта талапкер келісімшарттық міндеттемелерді сақтамау нәтижесінде жоспарланған кірісті ала алмағанын дәлелдеу керек. Бұл белгілі бір құдық қана емес, қаржылық білімді де талап етеді. Сондықтан, азаматтар қаржылық шығынның алдын алып, сот дауларымен уақытын кетіруге үшін ең алдымен келісімшарттарды сауатты, жан-жақты, білікті жасай білгені жөн. Сауатты жасалған келісімшарт – заңсыздықтардың алдын алатынын ұмытпайық.

Еркін БАЙБУТАЕВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

САРАП

КЕҢЕСТІҢ АТҚАРАТЫН ШАРУАСЫ АУҚЫМДЫ

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаменті қызметтік әдеп нормаларының сақталуын бақылайтын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын әзірлейтін алқалы орган болып табылатын Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастырады.

2024 жылы Әдеп жөніндегі кеңес 8 мемлекеттік орган басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмысы бойынша қызметін тыңдады: 3 – сыртқы талдау нәтижелері, 5 – мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықты жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы.

Нәтижелер көрсеткендей, қызмет көрсету мерзімдерін бұзу, ішкі бизнес-процестерді бұзу, өтініш берушілерді өтініштерді қараудың алдын ала нәтижелерімен таныстырмау және басқа да бұзушылықтар – мұның бәрі көбінесе жүйелік кемшіліктердің, дискрециялық өкілеттіктердің болуының және заңнамадағы қайшылықтардың салдары болып табылады, бұл азаматтардың шағымдары мен мемлекеттік қызметшілердің жазалануына әкеледі.

Осы орайда, мемлекеттік органдардың басшылары өз қызметінде талдаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсінуі керек екенін атап өткен жөн. Кеңесте тыңдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметіндегі тәуекелдер мен әкімшілік кедергілерді жоюға көмектесетін ұсынымдар әзірленеді.

Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері, оның ішінде 60% қоғам өкілдері отырыстарда, мемлекеттік органдардың басшылары өз қызметінің нәтижелері туралы есеп беру кезінде жұмыс нәтижелерін, яғни жүргізілген жұмыстың мемлекеттік орган қызметінің нәтиже-

леріне қалай әсер еткенін, мысалы, этикалық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың санының азайғанын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың осыған байланысты іс-әрекетінің жақсарғанын немесе төмендегенін көрсетуі тиіс екенін атап өтеді.

Мемлекеттік органдардың қызметінде әдеп жөніндегі уәкілдер үлкен рөл атқарады. Кеңес тоқсан сайын Әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмыс нәтижелерін, оның ішінде кәсіби әдеп нормаларының сақталуын бақылауды тыңдайды. Жергілікті атқарушы органда әдеп жөніндегі уәкілді тұрақты қызметтегі мемлекеттік қызметші ұсынады; аумақтық деңгейде Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары жүктелген қызметкерлер саны – 32. Олардың жұмысының тиімділігін этикалық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың, сыбайлас жемқорлықтың азаюымен, мемлекеттік қызметшілердің өз жұмысына қанағаттану деңгейінің жоғарылауымен бағалауға болады.

Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға міндетті.

Жергілікті және аумақтық билік органдарының қызметкерлерімен жіберілген этикалық бұзушылықтардың деңгейін өлшеу 2023 жылы – 27, 2024 жылы – 15, әкімшілік құқық бұзушылықтар: 2023 жылы – 13, 2024 жылы – 7. Көріп отырғанымыздай, этикалық



Шынарай ӘЛІМХАН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысы

құқық бұзушылықтардың көрсеткіші төмендеді, бірақ бұл әлі күтілетін нәтиже емес, өйткені Мемлекеттік қызмет істері департаментінің мемлекеттік қызметшілерге қатысты жағымсыз жарияланымдарды анықтау мақсатында әлеуметтік желілерде жүргізіліп жатқан мониторингі барысында мемлекеттік қызметшілерге қатысты жағымсыз жарияланымдар әлі де кездесіп отырады.

Жаңа цифрлық технологиялар дәуірінде азаматтардың мемлекеттік қызметкерлердің іс-әрекеттеріне наразылықтарын бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы жеткізуге мүмкіндігі бар. Осындай жағдайларды барынша азайту мақсатында мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен айқындылығы үшін Әдеп жөніндегі уәкілдің рөлі

ерекше. Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік органдар жұмысының қаншалықты ашық және жариялы екендігін көрсету үшін мемлекеттік қызметшілермен түсіндірме кездесулер, халықпен кездесулер өткізіп, жұртшылықты бірлескен мониторингке тартуға міндетті. Оның рөлі қызметкерлердің өз мүдделерін қорғау, сыбайлас жемқорлық пен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажет. Айта кету керек, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына, мемлекеттік қызметшілермен жұмыс кездесулеріне де атсалысуда. Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдары негізінде мемлекеттік органдардың әдеп жөніндегі уәкілдері мемлекеттік қызметкерлердің тұтынушыларға бағдарлану деңгейін арттыруға және этикалық қағидаларды сақтауға бағытталған тұрақты жұмыстарды жүргізеді.

Мемлекеттік қызмет істері департаменті жұмысының маңызды бағыты – қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін басшылардың тәртіптік жауапкершілігін қадағалау.

Жалпы 2024 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот үкімімен 37 тұлға кінәлі деп танылып, оның 22-сіне тікелей басшылардың тәртіптік жауапкершілігі қаралды. 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 37 пайызға төмен.

Осы мониторингтің нәтижелері мен жүргізілген алдын алу шаралары тұрақты түрде Әдеп жөніндегі кеңесте тыңдалады.

Мемлекеттік аппаратты бюрократиясыздандыру департамент үшін салыстырмалы түрде жаңа жұмыс бағыты болып табылады. Осы салада жүргізілген талдау мен мониторинг нәтижелері әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге және бюрократиялық жүктемені азайтуға бағытталған.

Мониторинг шеңберінде мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметі мониторинг нысанасымен шектелмей, бюрократиялық проблемаларды анықтау мақсатында мемлекеттік функция-

лар мен ұйымдық құрылымдарға сәйкес талданды.

Құрылған фокус-топтарда ұсыныстар талқыланып, нәтижесінде мемлекеттік органдарда жиі кездесетін мәселелер анықталды.

Айта кетерлігі, Әдеп жөніндегі кеңес мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының қызметін де қарайды, мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалған тәртіптік теріс қылықтардың себептерін талдайды және олардың алдын алу шараларын әзірлейді.

Әрине, мемлекеттік қызметшілерден жұмыс талап ететін, олардың жұмыс орнында сақталуы маңызды бағыт болып табылады, өйткені бос орындардың пайызы үнемі өзгеріп отырады, сондықтан мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жұмыстың маңызды бағыты.

Атап айтқанда, қызметкерлердің жұмыс режимін сақтауы, төлемдерді уақытылы қамтамасыз ету, қызметкерлерді міндетті оқыту, еңбек демалысын беру, функционалдық бөлшек бойынша қызметкерлер санаттарын дұрыс бөлу.

Осыған байланысты Әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарына мемлекеттік органдардың басшылары шақырылады, олар мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабардар етеді, өйткені мемлекеттік органдардың жалпы қызметі мемлекеттік қызметшілердің жайлы жұмысына байланысты, ал Әдеп жөніндегі кеңестің қызметі бұзушылықтардың алдын алуға, уәкілетті органдарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және әкімшілік кедергілерді жоюға ұсынымдар беруге бағытталған.

Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңес мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі мен тәртібін арттыру, азаматтардың мемлекеттік қызметке сенімін нығайту, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру болып табылатындықтан, мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қабылдау, қызметтік әдеп нормаларының сақталуын бақылау бойынша жұмысын жалғастырады.

ПӘРМЕН

«SIM-BOX» ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНҒАНДАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

«Заң және Тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру аясында Жетісу облысының прокуратурасының үйлестіруімен, облыстық ҰҚҚД, ПД-нің «Киберпол» бөлімшесі, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ және «Кселл» АҚ қызметкерлері бірлесіп, «Sim-Box» құрылғыларын заңсыз пайдалану фактісін анықтады. Оперативтік іс-шаралар барысында 29 жастағы облыс тұрғынының үйінен 7 дана «Sim-Box» құрылғысы, роутерлер, компьютерлер, ноутбуктер, ұялы телефондар және 6,5 мыңнан астам ұялы байланыс операторларының SIM карталары тәркіленді.

«Sim-Box» құрылғысы алаяқтар тарапынан жаппай телефон қоңырауларын генерациялау, хабарламалар тарату және абонент нөмірлерін ауыстыру үшін кеңінен қолданылады.

Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 213-бабы («Абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын өзгертуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды заңсыз пайдалану») бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Күдікті қамауға алынды.

Бұл соңғы екі айда «Sim-Box» құрылғысын пайдаланудың екінші анықталған жағдайы. Облыс прокуратурасы азаматтарды сақ болуға, оңай табыс ұсынатын күмәнді жұмыс берушілердің ұсыныстарына ермеуге, телефон алаяқтарын әшкерелеу үшін күдікті қоңыраулар туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырады.

Жетісу облысы прокуратурасының баспасөз қызметі

МІНДЕТ

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – ПАРЫЗ

Баланы асырау – ата-ананың заңмен бекітілген міндеті. Осы орайда ата-анасының некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы да мұнда маңызды емес. Әр бала өзіне тиесілі алимент мөлшерін алуға құқылы.

Он сегізге толмаған әр балаға ата-анадан алимент өндіру заңмен көзделген және алимент мөлшерін, төлеу тәртібін сот анықтайды. Соңғы уақытта сот алимент өндіру туралы шешім шығарғанымен оны орындайтындар аз. Тіпті ерлі-зайыптылар алиментті аз мөлшерде төлеу үшін табысын жасыру сынды түрлі әрекеттерге барады. Төленетін алимент көлемі сот шешіміне сәйкес бекітіледі. Сот шешіміне сәйкес алимент төлеуге міндеттелген ата-ананың бірі ай сайын бір балаға табысының 4/1 бөлігін төлесе, екі балаға 3/1 бөлігін, одан көп балаға табысының жарты бөлігін төлеп отыруға міндеттеледі. Ата-ана сот шешімі бойынша

төлеуге міндеттелген қаражатты өтемеген жағдайда заң тарапынан жаза қарастырылған. Атап айтсақ, ҚР ҚК-тің 139-бабының негізінде шығарылған үкімді 3 айдан аса уақыт орындамаған жағдайда 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не болмаса екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Борышкердің берешегі жиналып қалса, онда сот орындаушылар борышкердің көлігін алып, оны сатып, қарызды өндіруге құқылы. Одан бөлек, дүние-мүлкіне тыйым салып, ел аумағынан шығуына шектеу қояды. Сонымен қатар жүргізуші куәлігінің күшін жою сынды шаралар қолдануға құқылы.

Ескере кететіні, алимент төлейтін ата-ана ақшасы бар немесе жоқ деп бөлінбейді. Яғни, ол жұмыссыз екен деп оған қандай да бір жеңілдік қарастырылмаған. Егер борышкердің ресми жұмысы жоқ болса, мемлекет бекіткен жұ-



Мерuert ОСКАРОВА,
Риддер қалалық сотының бас-маманы,
сот отырысының хатшысы

мыссыздық тарифі бойынша орташа жалақы есептелеп, алименттің мөлшері анықталады. Борышкер алиментті сол бойынша төлеуге міндетті. Егерде алимент өндіруі берген өтінішіне 3 рет әрекетсіздік білдірсе, онда оларды сотқа беріп сот орындаушының лицензиясынан айыра алады. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ



ЖУРНАЛИСТЕР ШЕРУГЕ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жақында біраз журналистер мен блогерлер елордадағы 68665 әскери бөліміне барып, Жеңістің 80 жылдығына арналған шеруге дайындықты көріп қайтты.

Баспасөз туры жеке құрамның жаттығуларын көрсетуден басталды. Плацта 3000-нан астам офицер, келісімшарт бойынша әскери қызметші және мерзімді қызмет сарбазы дайындалып жатты. Өзге бөлімшелер жақын арада жалпы топқа қосылады.

– Шеруге қатысушыларды іріктеу кезінде бәріне бірдей дене дайындығы, денсаулық жағдайы, бойы бойынша қатаң талаптар қойылды. Барлық әскери қызметшілерде Қарулы күштерге деген мақтанышқа негізделген жоғары мотивация бар, – деді Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев.

Парадтық есептоптардың негізін Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Құрлық әскерлері құрайды. Салтанатты шеруге Мемлекеттік күзет қызметінің, ИМ Ұлттық ұланның, ҰҚК Шекара қызметінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің есептоптары да қатысады. Сондай-ақ журналистерге әскери қызметшілер тұратын шатырлы қалашық, шаруашылық жабдықтау пункттері, далалық госпиталь көрсетілді.

Техникалық аймақта қонақтарға соғыс жылдарындағы техника мен заманауи жауынгерлік машиналарды парадқа дайындайтын маман-

дарды көруге де мүмкіндік берілді.

Іс-шара жауынгерлік техника легінің өтуімен аяқталды. Олардың қатарында әйгілі Т-34 танктері және ЗИС-2 (калибрі 57 мм) зеңбіректері бар ЗИЛ-157, М-30 (калибрі 122 мм) гаубицалары бар ЗИЛ-157, есептоптарымен БМ-13 «Катюша» автомобильдері бар. Шерудің қазіргі бөлігінде еліміздің бас алаңы бойынша «Арлан», «Соба» сауытты дөңгелекті машиналары, «Стрела-10», «ТОР» және «БУК» зениттік зымыран кешендері, БТР-82А, «Алмаз» және «Агат» мобильді кешендері, «ТЕODOG» роботтехникалық кешені, есептік-талдамалық станция кешені және қару-жарақ пен әскери техниканың басқа да жоғары технологиялық үлгілері жүріп өтеді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған әскери шеру дәстүрлі түрде 7 мамырда Астанада өтеді. Оған 4000-нан астам әскери қызметші, 300-ден астам қару-жарақ пен әскери техника қатысады. Шерудің әуе бөлігін майдандық, армиялық және әскери-көліктік авиацияның 66 ұшу аппараты құрайды.

ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі

МИНБЕР

АВИАЦИЯ САЛАСЫНА ЖҮЙЕЛІ КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда бұл мәселе жылдар бойы назардан тыс қалып келеді. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, қону және ұшу, әуе кемелерінің тұрағы, жолаушылар мен багажға қызмет көрсету, терминалдарды пайдалану және т.б. сияқты әуежай қызметтерін дамыту қажет. Яғни, әуежайлар негізгі қызмет түріне назар аударуы керек.

Көлік министрлігі әуе кемесінің ұшып көтерілуін және қонуын, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әуе кемесіне тұрақ орнын беру және басқалар секілді әуежай қызметін реттеуді ұсынады. Олардың пікірінше, бұл әуежай қызметінің одан әрі дамуына серпін береді және шығыннан рентабельділікке көшу мүмкіндігін береді. Бірақ бұл тағы да әуе билеттерінің құнының өсуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл ұсынысты жан-жақты қарастырып,

әуежайлардың шығынсыз қызметін көздейтін тетікті әзірлеу қажет.

Сонымен қатар жерүсті қызмет көрсету аумағы мен әуеайлақ инфрақұрылымы бірқатар өңірлерде апатты жағдайда елеулі қайта құруды қажет етеді. Көлік министрлігінің мәліметтері бойынша, елдегі әуежайлардың 50% (10) жергілікті атқарушы органдардың қарауында және жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Төмен рентабельділікке, кейде әуежайлардың тиімсіз қызметіне байланысты әлеуетті инвесторлар бұл салаға бармайды. Бұл уәкілетті орган тарапынан осы саладағы инвестициялық тартымдылықты арттыру жұмысының жоқтығын көрсетеді.

Тағы бір мәселе кадрларға қатысты. Азаматтық авиация саласында бүгінгі таңда 23 мың адам жұмыс істейді. Жыл сайын салада 500-600 кадрға қажеттілік туады. Бізде жалғыз оқу

орны – Алматы қаласындағы Азаматтық авиация академиясының еуропалық үлгідегі сертификаты жоқ. Ал «AirAstana», «SCAT», «Қазақэронавигация» сияқты осы стандарттар бойынша жұмыс істейтін авиакомпаниялар осы Академияның түлектерін жұмысқа қабылдай алмайды. Осыған байланысты, тиісті сертификат ала отырып, кадрларды толық даярлауды қамтитын шаралар кешені қабылдау қажет.

Сонымен қатар авиакомпаниялардың лизингке авиаборттарды сатып алуы, жалға алуы және оларды басқа елдерде тіркеуіне қатысты түйткілді мәселелер бар. Мұның бәрі елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан үкімет аталған мәселелерді шешудің нақты тетігін әзірлеуге жедел кірісуі қажет.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



КӨКЖИЕК

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығында «Қазақстан жастары – 2025» ұлттық баяндамасының құрылымы талқыланды. Іс-шараға мемлекеттік органдар, саяси партиялар, ғылыми және үкіметтік емес ұйымдар мен жастар бірлестіктерінің өкілдері қатысты.

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ – 2025»: ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Кездесу барысында баяндама құрылымының жаңа жобасы таныстырылды. Ұсынылған өзгертулер мен түзетулер зерттеуді күшейтіп, жастар жобаларының ғылыми-талдамалық жұмысын арттыруға бағытталған.

Отырыс барысында қатысушылар көші-қон мәселелеріне, жастардың әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігіне және НЕЕТ санатындағы жастардың қажеттіліктерін зерттеуге назар аударды.

Еске сала кетейік, «Қа-

зақстан жастары» ұлттық баяндамасын «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы 2013 жылдан бастап жыл сайын дайындайды. Осы уақыт аралығында баяндаманың 12 шығарылымы жарық көрді. Бұл орталық – Қазақстан жастарының әлеуметтік жағдайы мен хал-ахуалын жүйелі түрде зерттейтін бірден бір институт.

ҚР Мәдениет және
ақпарат
министрлігінің
баспасөз қызметі

ТҮЙТКІЛ

«САУАТТЫ АДАМ АЛДАНБАЙДЫ»

Қазіргі күні алаяқтық қылмыстардың көбі интернет арқылы жасалатын болды. Ғылыми тілде мұны «Ақпараттық жүйені пайдаланып жасалатын алаяқтық» деп атайды. Бүгінде халықтың көбі, әсіресе оң-солын танып үлгермеген жастар мен талай жылғы бейнетінің зейнетін көремін деп зейнет жасына шыққандар да интернетке жіпсіз байланғаны жасырын емес, осыны ескерген алаяқтар да осы жастағы адамдарды қармағына ілуге тырысады. Қарапайым халықтың табысына сұқтанған интернет-алаықтық деген не? Оның түрлері қандай? Бұл сауалдарымызды біз Кентау қалалық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары полиция подполковнигі Азамат Сарсенқұловқа қойған едік. Подполковник бізге алаяқтық, кибералаықтық, басқа да осы тақырыптағы мәселелерді жан жақты, кәсіби тұрғыдан түсіндіріп берді.

Құқықтық сана алаықтықтың жолын кеседі

Азамат Ерғалиұлының айтуынша, интернет-алаықтық желі пайда болғанға дейін де болған. Әлеуметтік желі шықпай тұрғанда алаяқтар өздерінің құлығын пирамида арқылы іске асырған болатын. Ал, қазіргі таңда онлайн-шопинг, интернет магазин және электрондық коммерцияның өзге де түрлерінің танылмалдылығымен бірге дамып келеді. Бұл адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қылмыстың бір түрі. Алаяқтық қоғамның дамуына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатыр.

«Қазіргі таңда алаяқтықты толықтай тоқтату неге мүмкін болмай тұр? Сол технологияның игілігін оларды құрықтауға неге жұмсамасқа?!» деген сауалымызға маман:

– Өйткені қоғамда әртүрлі адам, әртүрлі көзқарас бар. Сондықтан алаяқтықтан сақтанудың бірден-бір жолы әр адамның құқықтық сауаттылығын арттыру керек дер едім. Сауатты адам алданбайды, өзі көрмеген адамға сенбейді. Біздің шағын ғана Кентау қаласында алаяқтарға алданғандардың саны азаймай тұр. Бұл біздің тұрғындардың сенгіштігі деп білемін.

Қазіргі таңда біздің елімізде көп кездесіп жүрген алаяқтық түрлеріне – интернет-дүкенмен байланысты алаяқтықтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, қолда жоқ затты сату және жоқ затты арзан бағада сату алаяқтары, Байланыс орталықтары операторларының, банк қызметкерлерінің атын жамылатын алаяқтар, жарық құрылғысын тексеруші алаяқтар, салық қызметкерінің атын жамылған алаяқтар, әділет және ішкі істер органдары қызметкерлерінің атын жамылған алаяқтар, телефон-алаықтық, фишинг,



SMS-алаықтық және интернет-банкінг арқылы жасалатын қылмыстар жатады. Қазіргі таңда адамдардың көпшілігі кез келген затты сату немесе сатып алу үшін арнайы сайттарды пайдаланады. Бұл алаяқтыққа мысал айтсам, бір адам өзінің автокөлігін немесе үйін сату үшін арнайы Крыша, Колесо, ОЛХ сайттарына хабарландыру береді. Ол адамның хабарландыруы шыға салысымен оның мүлкін алушылар хабарласа бастайды. Шын мәнісінде ол мүлкті сатып алатын адам көріп немесе саудаласады. Ал алаяқтар болса «Маған сіздің көлігіңіз немесе үйіңіз ұнап тұр. Сатып алайын деп едім», – дейді. Ал сатушы оған «жақсы, келіп көруіңізге болады», – дейді.

Бірақ телефонның арғы жағында тұрған алаяқ, «Мен басқа қалада іссапармен жүр едім, мен барғанша сатып жібермейсіз бе? Сізге барам дегенше 2-3 күн өтеді. Сондықтан, сізге 100 мың теңге кепілақы беріп қояйын. Сөйтіп, мен алып кеткенше сатпай ұстап тұрсаңыз», – дейді. Ал мүлкін сатушы адам, саудаласпай, бағаны түсірмей, көрсеткен бағасына алатын клиенттің табылғанына қуанып, телефонның арғы жағында отырған алаяққа көп ойланбастан банк картасының нөмірін береді. Карта нөмірін қолға түсірген алаяқ, көп уақыт өтпей-ақ қайта телефон шалады да, сатушыға ақша аударғанын, оның телефон нөміріне SMS хабарламадағы кодтарды

айтқан бойда ақша түсетінін айтып сендіреді. Егер, мүлкін сатушы адам, оның сөзіне сеніп SMS хабарламадағы кодты айтатын болса, алаяқ оның картасындағы бар ақшасын өзіне аударып алады. Ақша аударым жасағанда немесе зат сатып алғанда, түрлі операцияларды орындағанда, банк код жібереді де, астында «СМС кодты ешкімге айтпаңыз» деп жазып қояды. Өйткені, осы код арқылы адамның интернет-банкінгіне кіріп, оның есеп-шоты бойынша кез келген операцияны жасай беруге болады.

Қайырымдылық та алаяқтың асына айналды

– Алаяқтың тағы бір тәсілі, желіде қайырымдылық қорының мұқтаж жанға көмектесейік деген ақпаратын алып, жалған сайтқа тіркеп, жан-жаққа таратады. Оны көрген адам қайырымдылық қорына ақша аудармақ ниетпен көрсетілген нөмірге хабарласады я болмаса, көрсетілген сілтемеге кіреді. Телефон шалған кезде, қайырымды іс жасаушыға жылы лебізін айтып, мақтап отырып, ақша аударуға келісім беретін кодты телефон нөміріне жібергенін айтады. Әрине, ол кодты айтқан адам алаяқтардың айласына ілінеді. Сонымен қатар, қайырымдылық шарасын ұйымдастырып жүрген адамдарға алаяқ хабарласып «қайырымдылық іс жасайын деп едік, сізге қомақты қаржы аударамыз, сіздің телефоныңызға СМС код келеді, соны бізге айтсаңыз, ақша түседі» деп сендіреді. Тағы бір интернет қайырымдылықтың бір түрі, отасына шұғыл операцияға ақша жинау үшін әлеуметтік желіге салынған суретті алып, «менің баламның отасына ақша қажет» деп жарнамалап, халықтан ақша жинайтындар да аз емес. Бұл жерде алаяқтар интернетте, әлеуметтік желілерде танымал демеушілердің, қайырымдылық қорларының атынан мұқтаж адамдарға көмек көрсету туралы жарнамалар береді. Өздері сол қорлардың сайтының не аккаунтының тура көшірмесін жасайды. Көп адамдар оның жалған сайт екенін білмей қалуы мүмкін. Тек, реквизит номерлері ғана басқаша болады. Көмек көрсеткісі келген адам қорлардың шын сайтына кірдім деп ойлап, ақшаны алаяқтардың шотына аударып жіберіп жатады. Сондықтан, қорларға қаражат аударамын деген адам алдымен оның иелерімен сөйлесіп, аударылатын есепшот нөмірін тексеріп алып қана көмек қолын созуы тиіс.

Бұл қылмыстарды азайтудың

жалғыз жолы – еш уақытта өзің көрмеген адамға сенбеу керек. Ешкімге SMS код жіберілсе оны айтпауы керек. қазақта жақсы бір сөз бар «өз өзіңе берік бол, қоңсыңды ұры тұтпа» дейді. Жалпы, алаяқтық – ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген бөтен мүлікті ұрлау немесе алдау және сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікке құқық алу түрі. Бұл мәселенің өзектілігі қылмыс туралы статистикалық мәліметтерге байланысты.

Жарнама көзбен де, сөзбен де арбайды

Полиция подполковнигінің айтуынша, Кентаудағы қылмыстық істерде де алаяқтық есебі артқан.

– Аймақтағы алаяқтыққа қатысты өткен жылы 55 қылмыстық іс тіркелген. Оның 12-сі ашылды, 40 ісі әлі тергеу барысында. Алаяқтыққа қатысты істің ашылғаны 23,5 пайызды құрайды. Интернет алаяқтық бойынша келтірілген залал мөлшері 80,526 800 теңгені құрайды. Жәбірленушілерге қайтарылған қаржы 19, 235 420 теңге. ҚР Азаматтық кодексінің 953-бабымен 2 жәбірленушіге 6 192 637 теңге мөлшеріндегі қаржы сот шешімімен қайтарылды.

Атап өтер болсақ, қаламызда интернет алаяқтық өткен жылдың бір айымен салыстырғанда біршама өскен. Яғни, 2024 жылдың бір айында интернет алаяқтық бойынша 4 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталса, ағымдағы жылдың қаңтар айында 22 іс сотқа жолданған. Бұл дегеніміз интернет алаяқтықтың көбіне инстаграм мессенджері арқылы виза жасап беремін деп, өзін банк қызметкерімін сіздің есепшотыңызға алаяқтар тарапынан шабуыл жасамақшы, соған бұғат қою үшін нөміріңізге келген SMS кодты айту арқылы сол адамның телефоны арқылы несие рәсімдеуде.

Содан кейін тағы бір еске сала кетер жайт, банктер, құқық қорғау орындары болсын, еш уақытта сізге телефонмен хабарласып немесе мессенджермен жазып, логин, пароль секілді құпия мәліметтерді сұрамайды. Тіптен, қажет болған жағдайда, банк қызметкері сізге хабарласып, бар мәселені нақтылау үшін «біздің кез келген бөлімімізге келіп кетіңіз» деп өтінуі мүмкін. Өйткені, телефон арқылы мемлекеттік қызметкерлер немесе бейнеқоңырау арқылы сіздің жеке деректеріңізді сұрамайды. Ең бастысы осыны ұмытпаған жөн.

– Өңгімеңізге рақмет!

Раушан НАРБЕК

СЕНАТ

«Мәслихаттар жергілікті жерлерде қоғамды ұйыстыратын орталық болуға тиіс. Жалпы, Президент реформаларының жаңа кезеңін іске асыруда жергілікті билік органдарына ерекше миссия жүктеледі» деп мәлімдеді Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев жуырда Елордада өткен Парламент Сенаты жанындағы Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің кеңейтілген отырысында.

МӘСЛИХАТТАР ЫҚПАЛДЫ КҮШКЕ ИЕ



Бұл алқалы жиында Парламент және мәслихат депутаттары, Үкімет мүшелері, шетелдік және қазақстандық сарапшылар Мемлекет басшысы Мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумында және Ұлттық құрылтайдың IV отырысында белгілеп берген міндеттерді іске асыру барысын талқылаған болатын. Сондай-ақ басқосуда сенаторлар мен мәслихат депутаттарының өзара іс-қимылы одан әрі жандандыру, жергілікті өкілді органдар қызметінің өзекті мәселелерін шешу және өңірлердің дамуына ықпал етудің маңызы туралы мәселелер сөз болды.

Жиын тізгінін ұстаған Мәулен Әшімбаев отырысқа қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, 30 жыл ішінде мәслихаттар еліміздегі басқару жүйесінің жергілікті жерлердегі толыққанды субъектісіне айналғанын атап өтті. Сенат төрағасының айтуынша, Мемлекет басшысы қолға алған саяси реформалардың арқасында кейінгі жылдарда мәслихаттардың рөлі айтарлықтай нығайды. Бұл өзгерістер «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты мемлекеттік құрылыстың жаңа формуласына сәйкес жүзеге асырылды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мызғмайтын «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» үш тағанының маңызды элементі – жауапты жергілікті басқару екенін үнемі айтып келеді. Бұл қағидат аясында мәслихаттарға маңызды міндет жүктелетіні сөзсіз. 2022 жылғы конституциялық реформалардың аясында мәслихаттардың дербестігін нығайтуға арналған жүйелі шаралар қабылданды. Соның нәтижесінде олар мемлекеттік саясаттың толыққанды қатысушысына айналып, жаңа кезеңде елдің дамуына үлкен үлес қосып келеді», – деді Палата Спикері.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы айқындап берген реформалар мен міндеттерді жүйелі әрі сапалы іске асыру үшін бірлескен жұмыстың маңызы зор екеніне және сол бағыттағы бірқатар басымдыққа тоқталды. Олардың қатарында қолайлы инвестициялық жағдай қалыптастыруға, әлеуметтік қоғам құруға, бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізуге және мемлекеттік құрылымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мәслихаттарды белсенді жұмылдыруға қатысты міндеттер бар.

«Мемлекет басшысы қолға алған реформалардың жаңа кезеңінің мәні – сапалы өсуді қамтамасыз етуге, әлеуметтік қорғаудың жаңа деңгейіне көшуге, мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға және қоғамды ортақ мүддеге жұмылдыруға арналған ішкі саясат жүргізу. Президентіміз Әділетті Қазақстан құру үшін дұрыс құндылықтар жүйесі мен саяси мәдениет қалыптастыру қажет екенін, сол жолда қажырлы еңбек ету керектігін айтты. Бұл жерде мәслихаттар маңызды рөл атқара-

ды. Мәслихаттар жергілікті жерлерде қоғамды ұйыстыратын орталық болуға тиіс. Жалпы, Президент реформаларының жаңа кезеңін іске асыруда жергілікті билік органдарына ерекше миссия жүктеледі», – деді Сенат төрағасы.

Кеңейтілген отырыста депутаттардың құзырет деңгейін арттыру, мәслихаттардың экономикалық және қаржылық өкілеттіктерін кеңейту, сондай-ақ, олардың өңірлік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, жалпыұлттық міндеттерді шешуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету мәселелері де талқыланды. Сөз алғандар өңірлерді дамыту және мемлекеттік өңірлік саясатты тиімді іске асыру Сенат қызметінің негізгі бағыттарының бірі екеніне баса мән берді. Соңғы жылдарда Парламент мәслихаттарды белсенді тарта отырып, өңірлік проблемаларды шешуге арналған маңызды заңдар қабылдаған болатын.

Осы жайлы айта келіп, бірлескен жұмыстың тиімділігін барынша арттыру үшін Сенат жанындағы Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің жұмысы жаңғыртылып, жаңа форматқа ауысқанын, соның нәтижесінде кеңестің қызметі өңірдегі нақты мәселелерді шешуге бағытталып отырғанын мәлімдеді. «Сенат жанындағы «Өңір» депутаттық тобының жұмысы да жаңғыртылып жатыр. Ол кеңеспен бірге өңірлік проблемаларды шешу жолдарын талқылайтын маңызды алаң ретінде жұмыс істейді. Осы жолда Тәуелсіздікті нығайту және азаматтардың мүддесі үшін елдің сапалы дамуын қамтамасыз ету – біздің стратегиялық мақсатымыз екенін айрықша атап өткен жөн» деп түйді ойын ол.

Секциялық сессиялар барысында Парламент және мәслихат депутаттары, сондай-ақ сарапшылар қалалар мен ауылдардың әлеуетін арттыру үшін барлық деңгейдегі депутаттардың, Үкімет мүшелерінің, сарапшылар қоғамдастығының күш-жігерін біріктіру ерекше мәнге ие екенін атап өтті. Қатысушылар секциялық отырыстар аясында көтерілген мәселелердің өзектілігіне де назар аударды. Онда өңірлердің экономикасын, агроөнеркәсіптік кешенді, ауылдық аумақтарды және қоршаған ортаны қорғауды, сондай-ақ, жергілікті жерлерде әлеуметтік саясат пен инклюзивті қоғамды дамыту бағыттарына да басымдық берілді.

Кеңейтілген отырысқа Парламент және мәслихат депутаттарымен қатар Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев, Қаржы министрі Мәди Тәкиев, Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының тұрақты өкілі Катаржина Вавьерниа, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық ұйымдардың, академиялық және сараптамалық қоғамдастықтың, сондай-ақ азаматтық сектордың өкілдері қатысты.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС КӨПТІҢ ІСІ

Жемқорлық атаулымен күресу, сондай-ақ оны ашу оңай шаруа емес. Әсіресе, жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдардың ғана емес, билік пен мемлекеттік қызметтің беделін түсіреді. Сондықтан да Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен аянбай күрес жүргізуді Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты және басым бағыттарының бірі ретінде алдымызға қойып отыр.

Президент Қ.Тоқаев жыл сайынғы жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін, түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру екенін атап өтеді. Сыбайлас жемқорлықпен бітіспес күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы. Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтауға болады.

Жемқорлық жалпы адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан құбылыс десек, қате болмас. Тікелей сыбайластық қарым-қатынаста болмаса да лауазымға ұмтылу жолында немесе көздеген саясатын іске асыру үшін адамдар өзінен жоғары тұрған тұлғаға түрлі жолдармен сыйлық жасау арқылы өз ойлағанына қол жеткізіп отырғаны шындық. Алайда, бүгінде асқына бастаған сыбайлас жемқорлық әрекеті айықпал дертке айналып бара жатқандай. Оны ауыздықтау үшін бірнеше жыл бұрын «Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» арнайы заң қабылданған еді. Одан бері де қаншама өзгерістер енгізілді. Дегенмен бұл келеңсіздік әлі де қоғамда көрініс беруін тоқтатпай отыр.

Жалпы алғанда, азаматтар сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерге заң талаптарын жеткілікті дәрежеде білмеуден жол береді. Дегенмен, заңды білмеу, жауапкершіліктен босат-

пайтындығын ескерген жөн. Сыбайлас жемқорлықпен күресетін тек құқық қорғау органдары ғана емес, бұл дертпен қоғам болып күреспесек, толық айығу мүмкін емес. Ал, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмектескен адам, мемлекеттің қорғауында болады. Қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органдар ол адамның жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сол себепті қоғамның жегіқұрты саналатын бұл дертпен бүкіл ел болып күресу қажет. Сонда ғана өз құқығымыздың бұзылмауына қол жеткізе аламыз.

Айнагүл УСЕРБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



АЙМАҚ АҚПАРАТ

ҰСТАЗДАР БІЛІКТІЛІГІ АРТАДЫ

Жетісу облысында білім саласын дамытуға терең көңіл бөлініп отыр. Өңірдегі білім саласының қызметкерлері мен мұғалімдер пәндік құзыреттілікті арттыру бойынша біліктілігін көтеру курсына қатысты.

Облыс ұстаздары Талдықорған қаласында және аудан орталықтарында арнайы дәріс алды. Аталған курс 11 пән бойынша жүзеге асты. Әр пәннің өзіне тән жеке-жеке даму бағыты көрсетілді. Мың педагог бір аптаға жуық уақыт көлемінде оқып, арнайы білікті мамандардан дәріс алды.

«Тренерден баланың ішкі жан-дүниесіне үңілу

арқылы өзіміздің де кәсіби өрісіміз артатынын аңғардық. Курс тамаша өтті. Әсіресе ауыл мұғалімдері үшін үлкен мүмкіндік болды. Алдағы уақытта осында үйренген дүниелерді мектеп қабырғасында қолданамыз», – деді информатика пәнінің мұғалімі Айнұр Ақтанова.

С.АСҚАР,
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЕГІС АУҚЫМЫ ҰЛҒАЯДЫ

Бытыр Жетісу облысының орталығында 6026 гектар егін егілсе, биыл оны 6200 гектарға арттыру жоспарлануда.

Жыл өткен сайын Жетісу жерінде егіс көлемі ұлғайып келеді. Оған басты себеп аграрлы өңірде суармалы жерлердің саны артты. Енді шаруалар да соған сай игерілмей жатқан жерлерді тиімді пайдаланбақ. Мәселен, өткен жылы Талдықорған қаласы бойынша 6026 га егін егіліп, 70 мың тоннадан астам өнім жиналған. Осы жылы егістік көлемін 6200 гектарға жеткізіп, 900 тоннаға жуық минералды тыңайтқыш себу көзделіп отыр. Бұл өнім көлемін 100 мың тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Биыл жоспарымыз өзгеріп, өнім көлемін арттырмақпыз. Бытыр ауыл шаруашылығы тауар өн-

дірушілері 330 млн теңгеге 18 дана ауыл шаруашылық техникасын сатып алды. Соның нәтижесінде дер кезінде егін жиналды. Жалпы, қала бойынша ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту үлесі 6%-ды

құрайды. Бұл биыл шаруалар үшін маңызды дүние. Астық көлемі артып, ауа райы қолайлы болса, шаруалар қиындық көрмейді, – дейді қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбаев.

Оның айтуынша, 2025 жылға арналған көктемгі және күзгі дала жұмыстарына арзандатылған 275 тонна дизель отынына 44 шаруа қожалығы өтінім берген. Бұл бағыт бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

А.МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

АТЫРАУДА 100 МЫҢҒА ТАРТА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Атырау облысында жыл басынан бері тәртіп сақшылары 100 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 10 пайызға төмен. Биылғы әкімшілік құқық бұзушылықтың 85600-ден астамы жол жүру қағидаларын бұзуға байланысты.

«Атырау қаласы аумағында «Қорғау-Сергек» ақпараттық жүйесінің көмегімен 2025 жылдың басынан бері 8600 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталды. «Кибер-шериф» жүйесі арқылы ҚР ӘҚБтК-нің 592-бабы бойынша 3 мыңнан астам құқық бұзушылық тіркелді. Жаяу жүргіншілерге жол бермеген 430 жүргізуші, жаяу жүргіншілердің өздерінен 1900 құқық бұзушылық

анықталды», – дейді Атырау ҚПБ патрульдік полиция батальоны командирінің орынбасары Өсер Жәңгірхан. Оның айтуынша, жол ережесін бұзғаны үшін полиция қызметкерлері көлікті мас күйінде тізгіндеген 117 жүргізушіні ұстады. Заң бұзған 3300 жаяу жүргіншіге айыппұл салынды. Сондай-ақ айыппұлдарын төлемей жүрген 4 мыңдай жүргізушінің 678-нің көлігі арнаулы тұраққа қойылған.

Құқықтық статистика порталындағы мәлімет бойынша, әкімшілік құқық бұзушылық Атырау облысында 2020 жылы – 45 335, 2021 жылы – 73492, 2022 жылы – 51724, 2023 жылы – 88 686, 2024 жылы – 112 137 іс тіркелген болатын.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӨҢІР

Асанбай Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағына кіру ақысы 3 сәуірден бастап 100 теңге болып бекітілді.

ДЕНДРОСАЯБАҚҚА КІРУ АҚЫСЫ ӨЗГЕРДІ

Шахар әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне, көпбалалы аналарға («Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері), мектеп жасындағы балаларға кіру тегін. Сондай-ақ тұрғындардың өтінішін ескере отырып, саябаққа кіру уақытын таңғы 05:00 ден түнгі сағат 01:00-ге дейін ұзарту бойынша шешім қабылданды. Кіру ақысы таңғы сағат 05:00-ден 07:00-ге дейін және 23:00-ден 01:00-ге дейін тегін.

Жуырда А. Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағының мамандары өткен айда ғана «Академик Ф.Н. Русанов атындағы Ташкент ботаникалық бағына» кезекті іссапармен барып

қайтты. Олар біздің елімізде кездеспейтін интродукциялық 84 түрлі ағаш-бұталардың жасыл қаламшалары мен 7 ағаш-бұта тұқымдарын әкелді. Сонымен қатар, оранжереяда өсетін 6 түрлі субтропикалық өсімдіктің – пальма, фикус, фикус бенджамин, шеффлера, папоротник, плющ, вилица қаламшаларын жеткізген болатын.

Қазақстандағы ең алғашқы дендрологиялық саналатын Асанбай Асқаров атындағы дендрологиялық 1979 жылы құрылған болатын. Негізінен Қазақстанда саябақтарының саны жағынан ешбір қала Шымкентпен теңесе алмайды. Ал еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар үш қаласының ішінде ол саябақ саны жағынан Түркістан облысынан кейін екінші орында тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
ШЫМКЕНТ

ОҢ ҚАДАМ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАҒА СЕРПІН БЕРДІ

Бұрын «Сот істері мен материалының қай судьяға түсетіні белгісіз. Оны компьютер автоматты түрде бөледі» дегенде азаматтар ерекше таңданатын. Содан болар «Компьютер судьяның қай тілді жетік білетінін, тәжірибесі мен біліктілігін қайдан біледі?» деп қарсы сұрақ қоятындар да көп еді.

Онлайн сот отырыстарына, шетелден сот процесіне тікелей қатысқан куәгерлерге қарап, жұртшылық жаңа технологияның мүмкіндігіне шексіз риза болатын. Расында, сандық технология сот жұмысына айтарлықтай серпін берді. Ашықтық, жеделдік, қолжетімділік принциптеріне негізделген бұл жаңашылдықтар сот пен халық арасындағы алтын көпірді нығайтып, сенімділікті арттырғаны даусыз.

Сөзіміздің нақты дәлелі – әлемді алаңдатқан ковид кезінде республика соттары тұтастай онлайн режимінде жұмыс істеп, індеттің таралуына тосқауыл қойды. Карантин салдарынан басқа салалардың жұмысы ақсап жатқанда, сот істері өз режимінен жаңылды. Әрбір іс өз уақытында, еш кедергісіз өтті. Соттағы жаңашылдықтардың

қандай дәрежеде екенін, сандық технология жетістіктерін сот қызметкерлерінің қаншалықты жетік меңгергенін Астана қаласында өткен Бишымбаевқа қатысты іске қарап білуге болады. Тікелей желіде өткен сот отырыстарын тек Қазақстан жұртшылығы ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріндегі қаншама адам көрді. Осы процестер қазақстандық соттарда процестердің өте сапалы әрі оңтайлы ұйымдастырылатынын, заманауи технологияны барлық қызметкерлердің тең үйренгенін көрсетті.

Соттардың инфрақұрылымын жақсарту және судьялар мен сот қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету, сотқа келушілер үшін қолайлы жағдай жасау, сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сот жүйесін цифрландыру бойынша қарқынды жұмыс мұнымен



Л.ШАЙМОВА,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісі басшысының міндетін атқарушы

шектеліп қалмайды. Ендігі меже жасанды интеллект, роботандыру арқылы сот жұмысын жетілдіру. Бұл бағыттағы іс-шаралардың да оң нәтижесін көретін күн жақын.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Агентство недвижимости Чемпион» ЖШС (БСН 190640026804) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Керемет ықшам ауданы, 6-үй, 115-пәтер.

3. «Шоқан Уәлиханов» атындағы кітап үйі» ЖШС (БСН 001040000428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 75/72, тел. 87272791172, 87272791185.

6. «EET Logistics» ЖШС (БСН 231040014831) (Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 165Б үй, 904-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 165Б, «MTS» бизнес орталығы, 708Б кеңсе, тел. 87771785619.

9. «Успешный Ломбард» ЖШС (БСН 190840002587) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Республика даңғылы, 18-ғимарат, 23-пәтер, тел. 87011471010.

10. «ЗАРЯД KZ» ЖШС (БСН 241240013892) (А15Н7А5, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандарбеков көшесі, 129-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050051, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 180, «Көктем» бизнес орталығы, 10-қабат, тел. 87021632711.

11. «Махсотрану» ЖШС (БСН 230840003268) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байтұрсынұлы көшесі, 45-үй, тел. 87074281527.

12. «УорлиПарсонс Казахстан» ЖШС-нің Ақсай филиалы (БСН 091141010867, ҚР, 090300, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Өнеркәсіптік аймағы, 5Н ғимараты, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 17. Тел. 87015114124.

14. «Күзет агенттігі «Орта Азия Секьюрити» ЖШС (БСН 050540010093) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 17-үй, 2-кеңсе.

15. «АҚЖОЛ-Ш.С.» өндірістік кооперативі (БСН 000540003894) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ОҚО, Сайрам ауданы, Қарасу

ауылдық округі, Әйтеке би ауылы, Уәлиханов көшесі, б/н үй, пошта индексі 160806.

16. «АқТаң Құрылыс ЛТД» ЖШС (БСН 230640003934) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылдық округі, Қарасу ауылы, Балдәурен көшесі, 33-үй, пошта индексі 160000.

ӨРТУРЛІ

4. «union partners KZ» ЖШС (БСН 190540012177) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Тайманов көшесі, 136-үй, н.п. 129.

7. «Алматы қаласының қалалық ұтқырлық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 21 сәуірден бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық порталда (Esortportal.kz) жұмыс жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады «Алматы қаласының Түркісіб ауданындағы «Жас Қанат» шағын ауданында жол салу».

Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

13. «Байғанин аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 131040024322) «Байғанин аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 060140005728) «Байғанин аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д. Қонаев көшесі № 35а үй, телефон нөмері: 8 (71345) 79048; (ішкі: 1011).

17. «Темір қамал» ЖШС (БСН 240840035545, заңды мекенжайы: Ақтау қаласы, 27 шағын ауданы, 46-үй, 37-пәтер) таратылуына және қызметін толық тоқтатуына байланысты «Темір қамал» ЖШС мөрі жойылып, жарамсыз деп танылсын. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады.

18. Шымкент қаласы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның сенім білдірілген тұлғасы Нисанбаев Бекет Убайдуллаевич төменде көрсетілген кепіл мүлкін сату бойынша аукцион өткізеді:

№1 лот: Коммерциялық жылжымайтын мүлік, жалпы аланы - 147,1 ш.м., Астана қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 58/2 үй, 5 т.е. Бастапқы құны – 70 876 310 теңге. Сауда-саттық ағылшын әдісімен өткізіледі.

Аукцион 30.04.2025 жылы сағат 12:00-де Астана қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 58/2 үй, 5 т.е., мекенжайында өтеді. Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна бастапқы құнның 3% құрайды, сатып алу бағасын төлеу мерзімі – 10 жұмыс күні. Сенім білдірілген тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап кепілдік жарналарды және өтінімдерді қабылдайды. Өтінімдерді қабылдау аукцион басталатын күннен бір күн бұрын тоқтатылады.

Анықтама телефондары: 8(7252) 99-52-94 вн. 38460, 8(701) 233 67 61. Кепілдік жарналарды аударуға арналған деректемелер: «Банк ЦентрКредит» АҚ, Шымкент қаласындағы филиал, Байтұрсынұлы көшесі, 20А үй, БСН 980841000135, e/ш KZ98856000007232055, БСК КСВЗКЗКХ.

МҰРАГЕРЛІК

5. 2010 жылдың 10 желтоқсанында қайтыс болған Ысқақ Ташмұхамед Рахымбекұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

8. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Нугманова Роза Юсуповна, 15.01.1961 жылы туған, 2025 жылдың 21 наурызында қайтыс болған Санбаева Шекердің артынан мұрагерлік іс ашты және мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-кеңсе бойынша хабарласуын сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр. Абылай хана, 60, оф. 509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIOS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды к., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7172) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

Үйдің қос қабырғасына телміре қарап, қалың ойдың қамауынан шыға алмай жатыр еді, тәулігіне жиырма төрт сағат тыным жоқ безілдек телефоны еріксіз орнынан тұрғызды. Керіліп-созылып жылы төсегінен әрең тұрды да, сылтып басып төргі бөлмеге өтті. «Не кісем екен?» – деген оймен даңғарадай бір бөлмені түгел алып тұрған, тұтас беті айнадан жасалған итальяндық шифоньердің сырғымалы есігін айқара ашты.

Жібек, торғын, сәтен секілді небір маталардан тігілген түрлі үлгідегі сәнді көйлектерді ары-бері қопарып, сыртқа лақтыра бастады. Көйлектерде мін жоқ. Бірінен бірі өтеді. Мына қызыл барқыт көйлекті атақты отандық дизайнер сыйға тартқан. Мына қара жібек көйлекті түрік еліне барғанда бәленбай мың долларға алған. Ал мына су жаңа шілтерлі көйлекті Гуанжоуға барған сапарында сондай құмартып еді, сол бойы киілген жоқ. Қытайлар қу ғой шіркін, өздері үшін сапалы әрі ыңғайлы етіп тігуді біледі. Матасы да, тігісі де келісті, атақты брендтерден кем түспейді. Мынау қысқа көйлек британдық «Барбери» өнімі. «Баленсиага», «Роберто Кавалли», «Джорджи Армани»...

«Адам көркі – шүберек», – дейді екен. Кім айтса да дәл оның кебін киіп, күйін кешпеген болса керек. Арғымаққа алтын ер-тұрман жарасар, ал көк есекті алтынмен аптап, күміспен күптеп қойсаң да құйрық-жалы таралған сәйгүлікті әсем бола ма? «Мына бағалы киімдер менің көркімді келтіріп, ажарымды ашуы былай тұрсын, есекке үкі тағып, итке жабу жапқандай ерсі, көзге қораш көрінетін тәрізді. Бірі ұзын, бірі қысқа, бірі түзу, бірі қисық боп біткен аяғын көзге түрткі кып, мен мұңдалатып, әшкерелеп беретіндей. Құлын мүсінің мен киген киімді үйлесе кетпеген соң бұлай сыланып-сипанып, жасанудың қажеті қанша?» – деп күйінді.


Айгүлдің заты әйел болған соң жылтыраққа әуестігі жоқ емес. Дүкен сөрелеріндегі мінсіз мүсінді маникендерде көздің жауын алып тұрған шүберектерді көргенде қалай өтіп кете алсын. Сілекейі шұбырып, тамсанумен болады. Кейде қалауы артып сатып та алады. Содан соң үйіне келіп, үстіне жапсырып алып, осы айғаға ұзақ телміреді. Ал бұл айна оны мазақ етеді.

Айгүл үстіне құйып қойғандай бағалы көйлекті жылдам шешіп, қалай лақтырып жібергенін өзі де байқамай қалды. Тысқа шығып, күн нұрына шағылысып лағылдай жарқырап тұрған темір ұлпарына жайғасты да, «Үлкен тау» кешеніне қарай ызғыта жөнелді.

Тау етегіне барып тірелетін ұзын-сонар жолдың бойында ол кезде «Үлкен тау» деп аталатын шыны әйнектен жасалған үш қабатты жалғыз демалыс орнынан өзге түк жоқ еді. Демалыс кешеніне қарама-қарсы аялдама бар. Табиғаты көз тоймайтын көркем болғанымен, көлік аз қатынайтын, кісі аяғы аз басатын, ит пен құс көп жүретін қауіпті жер. Ең соңғы аялдамадан ары қарай бес шақырым жерде елу шақты үй түтін түтетіп, бау-бақша егіп отырған кішігірім саяжай бар. Сол саяжай тұрғындары үшін бұл жерге таңертең және кешкі уақытта күніне екі мәрте автобус қатынайды. Қаладан лық тола шыққан автобус іші соңғы аялдамаға жеткенше бара-бара сиреп, тіпті босап қалушы еді. Кешкі сағат жетілер шамасында жеткен қоғамдық көлік тірі жан баласы болмаса да сүт пісірім уақыт аялдайды да, кері қайтады.

Соңғы аялдамада соңғы кезде қылмыс жиілеп кетті. Дәл осыдан

СОҢҒЫ



АЯЛДАМА

алты ай бұрын автобус күтіп тұрған 34 жастағы әйел ұшты-күйлі жоғалып кеткен болатын, табылмады. Осы қарашада аялдама маңынан сабаққа кетіп бара жатқан 16 жастағы өрімдей қыздың өлі денесі табылды. Бұған дейін де талай төбелес, кісі тонау, қаңғыбастардың өлімі сияқты түрлі-түрлі жағдай орын алғанымен, соңғы кездегі қос сұмдық жайт: жарық күнде жұмысқа кетіп бара жатқан әйелдің із-түссіз жоғалуы, өрімдей жас қыздың жұмбақ өлімі жергілікті тұрғындардың назасын қашырды. Жұрт жарық күнде жалғыз жүруге қорқып қалды. Мектепке қатынайтын балаларын, әсіресе, қыздарын шығарып салып, күтіп алатын болды. Аялдама басына күзет қойылды. Жан-жаққа бақылау камерасы орнатылды. Бәрібір тұрғындардың үрейі сейілер емес.

«Бекетқызы Еркеназ 2008 жылы 24 қарашада дүниеге келген. Бойы – 170, салмағы – 50-55 келі шамасында. Үстінде көк түсті джинсын күртеше мен шалбар. Аяғында ақ түсті кедей. Шашы ұзын, қара. Таңертеңгі сағат 06.45-те «Үлкен тау» демалыс орнына қарама-қарсы аялдамада жалғыз өзі автобус күтіп тұрғаны ғимарат қақпасындағы бейнебақылауға түскен. Сағат 06.51-де аялдамаға автобус келіп тоқтағанда камераны көлегейлеп, қыздың бейнесі жоғалды. Сағат тілі 06.56-ны көрсеткенде, автобус орнынан қозғалып, жүріп кеткеннен кейін, жерде қыздың өлі денесі жатқаны көрінеді.

Атылған тапанша дауысын естіген тірі жан жоқ. Дыбыс бақылау камерасына да жазылмаған. Жасөспірім қыздың жұмбақ өлімі дәл осы аялдамада, дәл осы автобус келген сәтте болған екінші жантүршігерлік жайт. Бірінші оқиғада автобустың отырғалы тұрған әйел не өлі, не тірі екені белгісіз ұшты-күйлі жоғалған еді. Енді міне. Ал болған оқиға орны жым-жылас, жылан жалағандай. Айғақ болар дәнеңе жоқ. Тергеу изоляторының камерасында отырған автобус жүргізушісі «Ешқандай қызды көрмедім», «Тарс еткен бір дыбыс естімедім» дегеннен басқа мандытып ештеңе айта алар емес. «Ол кішкентай қызды өлтіріп неғылайын, өзімің де дәл сондай қызым бар емес пе?» – дейді көзінен жасы сорадай ағып. Обалы не керек, саусақ іздері де анықталмады.

«Өмірбаяныңды қарап отырсам мұнтаздай-ақ екен. Бұл істі соңына дейін жеткізе алсаң қызмет бабында өрлеу мен өркендеу күтіп тұр. Ал, іс ашылмаса... өз обалың өзіңе!» Генералдың бұл сөздері тергеу бөлімінің басшысы Абылайдың құлағынан кетер емес.

Соңғы аялдамадағы қылмыс асқан сақтықпен, сауатты жасалған. Ешқандай күдікке негіз жоқ, айғақ аз. Басшының сөзінің астары түсінікті. Соңғы кезде өзіне көп шүйлігетін болған, қас қылғандай жұмысы да алға баспай-ақ қойды. Тергеу ісі күн санап, күрделене түскендей. Бір істі аяғына жеткізе алмай, басы қатып жүргенде екінші қылмыс. Жәбірленуші тараптың шарасыз хәлін, құқық қызметкерлерінің жұмысына күмәнмен қарауын көріп, өзінің де санасы сан-саққа жүгіріп ет жүрегі сыздап қоя береді.

Құрбан болған қыздың ата-анасы өте қарапайым адамдар екен. Саяжайда картоп, пияз, сәбіз егіп, алма сатып күнелтетін көрінеді. Қызынан айырылып жүрегі қан жылап отырса да, бір дорба алмасын ала келіпті.

«Еркеназ – қартайғанда көрген ерке қызымыз еді. Күнәсіз пенде жоқ, Құдай алдында күнәһар шығармыз, бірақ кішкентай періштеміздің қандай жазығы бар?! Абылай Әзімханұлы, қызымыздың қайтып келмейтіні белгілі ғой, бірақ, қанішер жазасыз қалмаса екен! Тек өзіңізге сенеміз», – дейді ботадай боздап.

Абылайдың жүрегі шым ете қалды. Сол қарапайым адамдар іздеген әділдікті өзі де тапқысы келеді. «Босқа арам тер болғанда осы жұмысты тастағанын дұрыс шығар» деген ой да қылаң беріп жүр. Ер не көрмейді? Атқа да мінер, таққа да мінер. Не де болса екі қолға бір күрек табылар. Кетсем кетермін дейді. «Бірақ, мектебіне барып-келіп, өз жөнімен жүрген қаршадай қыздың өлімі кімге керек болды? Тапаншамен қас шекеден атып өлтіретіндей, кішкентай қыз не жазды? Кімнің жолын кесті? Мейлі қызметімді өсірмесе өсірмесін, бәрібір жауызды іздеп табуым керек. Ісім алға басады деп әлсіздік танытуға болмас!» деген екінші ой кесе көлденең тұра қалады.

– Сараптама нәтижесіне сенсек мәйіттің барлық іш-құрылысы орнында, денесінде еш зақым жоқ. Жеке

заттары, қалта телефоны, тіпті сөмкесіндегі азын-аулақ ақшасына дейін тұр. Соған қарағанда ұры-қары, қалтақағарлардың ісі емес.

– Әдемі қыз екен, – деді әріптесі Айна, құрбан болған жас қыздың суретін қолына алып. Менің ойымша, сүйіктісінің қолынан келген іс болуы мүмкін. Қызғаныштан... Қазір жеке басының намысын адам тағдырынан жоғары қоятын жігітсимақтар көп қой. Жастардың ерегесінің арты міне, осындай қайғылы жағдаймен аяқталуда.

– Ал достары, ата-анасы ешкіммен көңіл жарастырмағанын, тіпті жігітпен сөйлесіп көрмегенін айтады. Тек сабақтан басқа ісі жоқ бала болған деседі.

– Бала деші, ата-анасына айттыпты да кіммен сөйлесіп жүргенін. Қазіргі жастар ерте есеюге асығады... Біздің замандағыдай емес, – деп жастарға кінә арта сөйледі ішкі істер академиясында бірге оқыған замандасы Айна. Оның басшы деп қарамай, басқаларға қарағанда өзін Абылайдың алдында еркін ұстайтын әдеті бар.

– Болды жетеді, неге біз осы әуелі ақ-қарасын ажыратып алмай, құрбан болған адамды жерден алып жерге салуға дайынбыз?! Мен білсем бұл кездейсоқ қылмыс емес, Айна. Өткен айда дәл сол соңғы аялдамаға автобус тоқтаған уақытта келіншек із-түссіз жоғалып кетті. Бір жыл бойы қалаға қатынап жұмыс жасап келген, балалы-шағалы әйел аяқ астынан қайда кетті? Артында сорлап бес баласы қалды. Қамауда отырған автобус жүргізушісінің бала-шағасы ше? Ол байқұстың бұл жайтқа еш қатысы жоқ екенін бәріміз жақсы білеміз. Бірақ... менің жүрегімді ауыртатыны осы – бірақ.

– Мен ертең «Үлкен тау» жаққа тағы бір барып көрейін, қожайынымен сөйлесіп, барлық бейнебақылауды тағы бір тексеріп дегендей, – деді майор Шәкіров қыпылықтап, сөзге килігіп.

– Ертеңді күтіп отыруға болмас. Жинал, қазір барайық!

Монитор алдында ойын ойнап, бейкам отырған майор еріксіз орнынан көтерілді.

Абылай жеңіл күздік пальтосын үстіне де ілместен қолына қыстырған

бойда асығыс шығып жүре берді. Бойын жауратқан қарашаның қара суығын шыбын шаққан құрлы көрмеді. Өзінше ой үстінде келеді. Асфальт бетінде көлкіп жатқан жаңбыр суына да қарамай кешіп өте берді. Күн ұясына еңкейсе де, бұл қаланың кешкі тіршілігі толастамай қайта қыза түскен. Үлкен даңғыл бойындағы ерсілі-қарсылы сапырылысқан көліктерде есеп жоқ. Жақын маңдағы жазғы кафелерден буы бұрқыраған тәтті тағамдар мен күйген кәуәптың иісі мұрынды жарады. Тәбетті ашатын тағам иісі таң атқалы нәр сызбағанын есіне салды.

Кенет оқыс дауыс естілді. «Абылай Әзімханұлы, көлікке отырыңыз, жаурап қаласыз», – деді соңынан көлікпен жеткен майор өбек қағып. Жол бойы көлікте де ойына не келіп, не кетпеді. Күдікке ілінген әр адамды ойша жазғырады, ойша ақтап алады. Басы қатты. Жазықсыз құрбан болған қорғансыздарды көре тұра ақиқаттан аттап кету – арға сын. Көз алдына Еркеназдың әке-шешесі келді. «Аталатсаң аталат, боталатпа» дейді қазақ. Еліктей еркелеп өсіп келе жатқан Еркеназдың өлімі оларға оңайға соқпайтыны анық. Абылайдың ойына Мұқағалидың қыздарға деген өлеңі орала берді.

Қыздарды көрсем, бір түрлі Өзімнен өзім мұңданам. Тыям да бейкам күлкімді, Өзімнен өзім сыр бағам. Түрткілеп күдік жанымды, Кетеді жүрек тыз етіп... Әзірге жасыл бағымды, Отырмын, міне, күзетіп».

Еркеназдың әкесі саяжайда жан бағып, бау-бақша баптап жүргенде, үйіріп соққан құйын өз бақшасындағы жайқалған жалғыз гүлін жұлып әкетті. Жасыл бағын күзете алмады.

Олар қаладан бірнеше шақырым жердегі оқиға болған орынға тез-ақ жетті.

– Ой, шіркін, бұл жердің табиғатын айтсаңыз? Өңірлік туризмді қолға алу үшін таптырмайтын мекен. Мұнда өңшең шетелдіктер мен қалталылар келеді, мына ақсақ қатының басы істейді, – деді қызметтік көлікті тізгіндеген бірі «Үлкен тау» демалыс орнын иегімен нұсқап.

– Осы жерден бір бизнес ашса ә?! – Қайдам, бағасы удай шығар?

– Ана тау жақ та жеке меншікке өтіп кеткен дейді. Қожайыны белгісіз. Құжат бойынша бір адамның атына тіркелген. Бірақ сол аты-жөні аса белгісіз кісі бұл жердің нақты қожайыны екеніне күмәнім бар, – деді жол бойы езуі жиылмай сөйлеп келген майор көліктен түсіп жатып.

– Болды, артық сөзді қоя тұрайық, сонымен, неден бастаймыз? – деді Абылай әңгіме айтып, самарқау тұрған әріптестеріне жақтырмаған кейіппен.

– Біз бұл жерде талай болдық, полковник жолдас! Өткенде әйел жоғалғанда да... Кеше де біздің адамдар күні бойы осында жүрді. Сіз кешенге кіріп, алтын уақытыңызды кетірмесеніз де болады. Не айтатындары белгілі. Барлық айғақ мына жерде қаттаулы тұр, – деді майор Абылайға папкасын ұсынып.

Абылай папкаға көз қырын да салмастан алдыға қарай ұмтыла берді. Майор амалсыз соңынан ілесті.

«Уақыт жоғалтқаннан өзге ештеңе таппаймыз» деп қайталап келеді.

Күтіп алушының «Қандай көмек қажет?» деген сөзін елеместен мейрамхананың қақ төріне бір-ақ озды да, қос қолын пальтосының қалтасына салып тұра қалды. Жоғарыға көз тастап, айнала қарады. Хан сарайына бергісіз зәулім мейрамхана төбесіндегі мына бір салпыншақ люстраның құнына біздің бір айлық табысымыз да жетпейді-ау?

Әйгерім ИБЕКОВА
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6367 дана
Апталық таралым 12 734 дана

Тапсырыс №951 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31